



УДК 377(574.42)

А.М. Мұратбекова, С. Симбаева
ШҚМТУ, Өскемен қ.**АҚПАРАТТЫҚ ҚОҒАМНЫҢ НЕГІЗГІ ТАЛАБЫ – АҚПАРАТТЫҚ БІЛІКТІЛІКТІ ҚАЛЫПТАСТЫРУ**

Заманауи педагогикалық ой-тұжырымдарда гуманизм және еркін білім беру идеясы мен тұлғаның шығармашылық әлеуетінің дамуы басты рөл атқарып отырғанына көңіл бөлінуде. Осы идеяларды дамыту үшін біртұтас педагогикалық үдерістің жаңа технологияларын қолдана отырып, жеке тұлғаның қалыптасуына жан-жақты жағдай жасау қажеттілігі туындайды.

Қазіргі кезде Қазақстанда жаңа ақпараттық технологиялар мен телекоммуникациялық құралдар тек ғылыми зерттеулер мен әртүрлі әлеуметтік, экономикалық және саяси үдерістерді басқаруда ғана емес, білім жүйесінде де кең қолданыла бастады. Әртүрлі пәнаралық мәселелерді шешу барысында білім жүйесіндегі жаңа ақпараттық технологияларды пайдалану арқылы өткізілетін сабақтарды дидактикалық материалдармен, электрондық оқулықтармен, көмекші құралдармен қамтамасыз ету керек.

Қоғам дамып, әлеуметтік-экономикалық үдеріс өрістеген сайын білімге деген талап күшейіп, өркениетті елдерде қалыптасқан білім беру жүйесіне ену мәселесі туындап отыр. Бұған білім берушінің өзін сапалы даярлаудың нәтижесінде жетуге болады

Ал білім беру мазмұнындағы жаңа технологиялар дәстүрлі оқыту жүйесіндегі олқылықтардың орнын толтырып отырады. Оқыту технологияларының көпшілігі студенттердің өз бетімен әрекет етуіне жол ашады және оқытушының мәртебесі мен рөлін өзгерте отырып, одан жедел технологиялық даярлық пен қайта даярлықты талап етеді. Жаңа технологияларды қолдану үрдісінде оқытушы дәстүрлі білім беру жүйесіндегі оқытушы мен әдіскердің ортасындағы аралық бағытты және кеңесші бағытын ұстана отырып, оның құзіреті оқыту үрдісін жобалаушы ретінде білім беру сапасына белгілі дәрежеде ықпал етеді. Тәжірибе көрсетіп отырғандай, жаңа технологияларды, соның ішінде ақпараттық технологияларды пайдалану үшін оқытушыға психологиялық та даярлық қажет. Бірақ, тәжірибесі мол оқытушылардың өздерінің қайта даярлықтан өтуіне қабілеттері жете бермейді. Бұл жерде мағлұматнамалық білім, ғылыми таным әдістерін меңгеру, қызметтің әр түрін үйлестіре білу қабілетіне ие болу қажет. Сонымен қатар, оқытушы қосымша ақпараттарды таба, өңдей білуі, оны студенттерге қолайлы нұсқада бере білгені жөн.

Тәжірибе көрсетіп отырғандай, жаңа технологиялар мен дәстүрлі оқыту элементтері бір-бірімен тоғысып жатыр. Оқытудың екі жүйесінде де бірінің элементінен екіншісі қашып құтыла алмайды және ол мүмкін де емес. Сондықтан оқытушы студентке үздіксіз сапалы білім беру үшін мейлі ол орта кәсіби білім ордасында болсын, мейлі жоғары оқу орнында болсын белгілі бір психологиялық қолайсыздықтарға жолықпас үшін қазіргі кезден бастап жаңа технологиялар элементтерін қабылдай отырып, өзінің әрекетін қайта

қарап, қажетті жерде өзгерткені дұрыс [1,75].

Оқытушы бақылаушы қызметімен ғана шектеліп, студенттерге бірқатар тақырыптар мен олардың іс-тәжірибелік өңдеуін өз беттерімен оқып үйренуге беруден қорықпағаны жөн. Студенттер ақпаратты ортада жұмыс істеуге, пәнді талдап, құрылымдық және авторлық тезаурусын құруға қабілетті. Дәрісханадан тыс өздік жұмыс пен олар меңгеруі тиіс материалды уақытына лайықтап анықтағаны жөн. Демек, оқытушы өзіндік тәртіп пен өзін-өзі бақылау, жоспарлау құралдары мен әдістерін, жаңа білім беру парадигмасындағы оқыту үрдісін ұйымдастыруды анықтауды, жаңа педагогикалық ақпараттық технологияларды меңгеруі тиіс.

Бүгінгі күні білім беру жүйесі жаңа педагогикалық технологияға негізделуін және ақпараттық құралдардың кеңінен қолданылуын қажет етеді.

Ақпараттық-коммуникациялық технология электрондық есептеуіш техникасымен жұмыс істеуге, оқу барысында компьютерді пайдалануға, модельдеуге, электрондық оқулықтарды, интерактивті құралдарды қолдануға, интернетте жұмыс істеуге, компьютерлік оқыту бағдарламаларына негізделеді. Ақпараттық әдістемелік материалдар коммуникациялық байланыс құралдарын пайдалану арқылы білім беруді жетілдіруді көздейді.

Ақпараттық-коммуникациялық технология келешек ұрпақтың жан-жақты білім алуына, іскер әрі талантты, шығармашылық қабілеті мол, еркін дамуына жол ашады және педагогикалық, психологиялық жағдай жасау үшін де тигізер пайдасы зор.

XXI ғасыр – бұл ақпараттық қоғам дәуірі, технологиялық мәдениет дәуірі, айналадағы дүниеге, адамның денсаулығына, кәсіби мәдениеттілігіне мұқият қарайтын дәуір.

Білім беру үдерісін ақпараттандыру жаңа ақпараттық технологияларды пайдалану арқылы дамыта оқыту, дара тұлғаны бағыттап оқыту мақсаттарын жүзеге асыра отырып, оқу-тәрбие үдерісінің барлық деңгейлерінің тиімділігі мен сапасын жоғарылатуды көздейді.

Біріккен Ұлттар Ұйымының шешімімен «XXI ғасыр – ақпараттандыру ғасыры» деп аталады. Қазақстан Республикасы да ғылыми-техникалық прогрестің негізгі белгісі – қоғамды ақпараттандыру болатын жаңа кезеңіне енді.

Заманымызға сай қазіргі қоғамды ақпараттандыруда ақпараттық-коммуникациялық технологияны қолдану саласы бойынша педагогтердің біліктілігін арттыру негізгі міндеттердің біріне айналды.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында: «Білім беру жүйесінің басты міндеттерінің бірі – білім беру бағдарламаларын меңгеру үшін жағдайлар жасау керек», - деп көрсетілген [2, 36].

Білім беруді ақпараттандырудың бір құралы ретінде компьютерді алуға болады. Ол дидактикалық және оқыту құралы болып саналады. Сондықтан кез келген білім беру саласында мультимедиялық электрондық оқыту құралдары барлық пәндерді оқытуға пайдаланылады.

Ақпараттық қоғамның негізгі талабы – студенттерге ақпараттық білім негіздерін беру, логикалық-құрылымдық ойлау қабілеттерін дамыту, ақпараттық технологияны өзіндік даму мен оны іске асыру құралы ретінде пайдалану дағдыларын қалыптастырып, қазіргі қоғамға бейімдеу.

Олай болса, ақпараттық бірліктердің білімге айналуын әлемнің жүйелік-ақпараттық

бейнесін студенттердің шығармашылық қабілеттері мен құндылық бағдарларын дамыту арқылы қалыптастыруды көздейтін, адамның дүниетанымының құрамдас бөлігі болып табылатын интеллектуалды дамуды қалыптастырудың бір жолы деп қараған жөн.

Ақпараттық бірлікті қалыптастыру оқу орнының материалдық-техникалық базасына; ақпараттық қоғам саясатының мақсаты мен міндеттеріне; студенттердің ақпараттық мәдениетін қалыптастыру жүйесіне; меңгеру қабілеттеріне, педагог мамандардың информатикадан білім деңгейлерінің сапасы мен шеберліктеріне, оқу-тәрбие бағытының ақпараттық қоғам бағытымен өзара байланысына тәуелді.

Қазір білім беру барысында интерактивті құралдарды қолдануға мүмкіндік мол.

Мұндағы *интерактивті* сөзі – *inter* (бірлесу), *act* (әрекет жасау) ұғымын білдіреді. Интерактивті құралдарды қолдану барысында білім алушының бірлесе жұмыс жасауға қатыспай қалуы мүмкін емес.

Бұл бағытта ақпараттық технологияны оқыту үдерісіне белсенді түрде енгізу бағытында қолданылатын жаңа құралдардың бірі – бағдарламалық-техникалық кешен болып саналатын *интерактивті тақта*.

Интерактивті тақта – бұл компьютердің қосымша құрылғыларының бірі және де дәріс берушіге немесе баяндамашыға екі түрлі құралдарды: ақпараттың кескіні мен қарапайым маркер тақтасын біріктіретін құрал.

Ал *активті экран* кешені – білім үдерісінде қолданылатын ақпаратты көрсетуге және оны компьютермен басқаруға тағайындалған әмбебап интерактивтік жүйе. Бұл бағдарламалық-техникалық кешенінің дидактикалық қызметі – білім алушының ойлау және ойын қысқа да түсінікті түрде жеткізе білу қабілетін арттыруы.

Бағдарламалық-техникалық кешеннің құрамына кіретін интерактивтік тақтаны сабақты қызықты және динамикалық түрде мультимедиялық құралдар көмегімен қызығушылықты тудыратындай оқуға мүмкіндік беретін визуалды қор деп те қарауға болады. Сабақты түсіндіру барысында оқытушы тақта алдында тұрып, бір мезетте мәтіндік, аудио, бейне құжаттарды DVD, CD-ROM және интернет ресурстарын қолдана алады. Бұл кезде оқытушы қосымшаны іске қосу, CD-ROM, Web-түйін мазмұнын қарастыру, ақпарат сақтау, белгі жасау, қалам арқылы жазулар жазу және т.б. әрекеттерді жеңіл орындай алады.

Интерактивті құралдарды сабаққа пайдаланғанда дидактикалық келесі мәселелер шешімін табады:

- пән бойынша базалық білімді меңгеру;
- алған білімді жүйелеу;
- өзін-өзі бақылау дағдыларын қалыптастыру;
- жалпы оқуға деген ынтасын арттыру;
- білім алушыларға оқу материалдарымен өздігінен жұмыс істегенде әдістемелік көмек беру.

Бұл технологияны оқу материалын хабарлау және оқушылардың ақпаратты меңгеруін ұйымдастыру арқылы, көзбен көру жадын іске қосқанда арта түсетін қабылдау мүмкіндіктерімен қамтамасыз ететін әдіс деп қарауға болады.

Оқушылардың көпшілігі естігенінің 5% және көргенінің 20% есте сақтайтыны белгілі. Аудио және видео ақпараттарды бір мезгілде қолдану есте сақтауды 40-50 % дейін арттырады.

Қазіргі кезде сабаққа дайындалу барысында оқытушы дәріс қызықты әрі жаңаша өтуі үшін өзінің бағалы уақытын қажетті материалды іздеу мен жүйелеуге жұмсайды. Ал жекелеген курс бойынша мәселелік-бағдарлы оқу бағдарламалары пакетінің болуы «білім беруші – білім алушы» жүйесінде ақпаратты беруді, өңдеуді және қайталауды оқытушыға жаңаша ұйымдастыруға мүмкіндік береді [3, 10].

Білім беруді ақпараттандыру үдерісі пән оқытушыларына жаңа ақпараттық технологияны жан-жақты пайдалануға байланысты үлкен талап қояды.

Интерактивті құрылғылардың барлық мүмкіндіктерін пайдалана отырып, студенттердің шығармашылық даралығын қалыптастыру үшін сабақта төмендегі іс-шараларды қолданудың маңызы зор:

- білім алушының дайындық деңгейін, ынтасын және қабылдау лездігін ескеру арқылы жаңа материалдарды меңгеруге байланысты оқытуды ұйымдастыру және оқыту үдерісіне интерактивті құрылғылардың мүмкіндіктерін пайдалану;

- оқытудың жаңа әдістері мен үлгілерін сабақта жиі қолдану;

- проблемалық зерттеу, аналитикалық және модельдеу әдістерін қолдану арқылы классикалық әдістерді жетілдіру;

- жаңа ақпараттық технология құралдарын (жаңа типті компьютерлер, телекоммуникация, виртуалды және мультимедиялық технология, интерактивті құрылғылар) пайдалану арқылы оқу үдерісінің материалдық-техникалық базасын жетілдіру.

Оқытудың осындай интерактивті құралдары арқылы оқытушы алдыңғы сабақта өткен материалды қайталай алады. Мұндай әдістеме сабақтың тығыздығын арттырады. Тақтада жұмыс істегендердің орындаған іс-әрекеттерін есте сақтап, келесі сабақта қолдануға болады.

Сонымен, интерактивті тақта сабаққа қатысушылардың барлығының ойын бір ортаға жинақтап, қажет ақпаратты өңдеу арқылы жалпыланған ақпараттық біліктілікті қалыптастыратын тиімді құрал болып табылады. Алдын ала дайындалған оқу материалдары – презентациялар, мәтіндік, кескіндік ақпараттық нысандар – сабақтың жақсы өтуін және барлық ақпарат түрлерін қолдануды қамтамасыз етеді. Сонымен, *активті экран* кешенін қолдану арқылы оқыту үдерісінде жаңа дидактикалық мүмкіншіліктерді ашуға болады.

Сабақта уақыты үнемдеу, демонстрациялық материалдар даярлау мақсатында интерактивті тақтаны пайдаланған тиімді. Интерактивті тақтаның үш режимінде де жұмыс жасауға болады.

Ақ тақта режимі – ең қарапайым режим. Ақ тақта режимін қолданғанда оны ақ бет қағазбен жұмыс жасағандай тақырыпқа қажетті жеріне белгілеулер енгізіп, негізгі ұғымдарын ерекшелеу үшін түрлі-түсті қаламды қолдануға болады. Ақ беттің артына фон ретінде мазмұнды суретті пайдалануға болады. Тақтаның бұл қасиеті, мысалы, қазақ тілі, әдебиет, география, физика, биология және т.б. пәндерден сабақ жүргізгенде қолайлы. Мысалы, фон ретінде лингвистикалық ареал картасын, белгілі бір жазушының портретін, пейзажды, географиялық картаны, физикалық аспаптардың суреттерін алуға болады және сабақ барысында қажет болса картаға белгі салуға, жазуға мүмкіншілік бар.

Екінші режим – Office режимі. Бұл режим сабаққа қажетті дайындық жұмыстарын жүргізуге, яғни материалдар даярлауға ыңғайлы. Сабаққа дайындық жұмыстары Word мәтіндік редакторы, Excel электрондық кестесінің құжаттары, Power Point презен-

тациясы болуы мүмкін. Мысалы, Microsoft Word құралдарымен төрт түрлі мәтіндік тапсырмаларды қамтитын құжат әзірлеуге болады. Осы құжатта тапсырмаларды қайталап, жауаптарының дұрыс нұскаларын немесе амалдардың дұрыс тізбегін көрсету керек. Қайталанған тапсырмаларды сурет салу панелінің «төртбұрыш» нысандарымен жасырамыз. Сабақтың керек кезінде бұл құжатты интерактивті тақтаның Office режимінде ашу қажет. Бұл режим Microsoft Office-нің барлық мүмкіншілігін ұсынады. Сондай мүмкіншіліктерінің бірі – құрылған құжатқа мәтінді қосуға болады, яғни экраннан түсірілген суретпен емес құжатпен тікелей жұмыс жасаймыз. Сонымен, мұғалім оқушыны тестілік тапсырмаға жазбаша жауап беруге тақтаға шығарып, оқушының жауабын дұрыс жауаптарымен салыстыра алады («тік төртбұрыш» объектісін жылжыту немесе жою арқылы) және дайындалған материалды шаблон ретінде келесі сабақтарды пайдалану үшін сақтап қоюға болады.

Үшінші режим – тақтаның интерактивті режимдегі жұмысы. Сабақтарды жүргізуде өткен материалды қайталау қажет, сондай жағдайда интерактивті тақтаның сілтеме жасауға арналған сыңарын қолдануға болады. Бұл сыңар және Microsoft Office құралдары арқылы құрылған құжаттарға, кескіндік редакторлардың немесе бағдарламалау ортасының көмегімен құрылған файлдарға, интернет беттеріне сілтемелерді ұйымдастыруға мүмкіншілік береді [4, 5].

Қазіргі уақытта «қоғамды ақпараттандыру», «білім беруді ақпараттандыру» деген ұғымдар біздің сөздік қорымызға еніп кетті. Қоғамды ақпараттандыру дегеніміз – ғылыми-техникалық прогресс жетістіктерінің күнделікті тұрмысқа ауқымды енуінің нәтижесі, яғни адам өміріне іс-әрекеттің интеллектуалды түрлерінің жан-жақты әсер етуі мен рөлінің жоғарылауына байланысты объективті үдеріс.

Ол оқыту мазмұны, әдісі мен ұйымдастыру түрлерінің өзгерісін тездетеді. Бұл үдерістегі негізгі мәселе білім берудің мазмұны мен мақсатын өзгерту болып табылады, ал оны технологиялық жағынан қамтамасыз ету – өндірістік мәселе.

Қоғамды индустрияландыру кезеңінде білім беру жүйесі алдыңғы кезекте маманданған сауатты тұтынушыларды дайындауға бағытталса, ал білім беруді ақпараттандыру жағдайында бұл мәселе білім берудің негізгі мақсатына ауысады. Мұндағы негізгі мақсат – білім алушының қоршаған әлем жайында ғылыми болжамын қалыптастырумен жалпы ізгілікті адамгершілікке дайындау болып саналады.

Қазіргі заман маманнан тек өз пәнінің терең білгірі болумен қатар, тарихи-танымдық, педагогикалық-психологиялық сауаттылық, саяси қырағылық, экономикалық білімділік және ақпараттық сауаттылықты талап етуде. Ол заман талабына сай білім беруде жаңалыққа жаны құмар, шығармашылықпен жұмыс істеп, оқу мен тәрбие ісіне еніп, оқытудың жаңа технологиясын шебер меңгерген жан болғанда ғана білігі мен білімі жоғары жетекші тұлға ретінде қалыптасады.

Қорыта келе, интерактивті құралдарды барлық бағыттағы мамандықтарда пайдаланып, оқыту үдерісін жаңа технологиялармен қамтамасыз ету заман талабы демекпіз.

Әдебиеттер тізімі

1. Деңгейлеп саралап оқыту технологиясы //Қазақстан мектебі. - 2003. - № 3.
2. Садыбекова Ж. Оқу-тәрбие үрдісінде ақпараттық-коммуникациялық технологияны қолдану қажеттілігі // Информатика негіздері, 2008. - № 4.
3. Қазақстан Республикасының білім беру жүйесін 2010 жылға дейін дамытудың Мемлекеттік бағдарламасы.

4. Информатиканы оқытуда интерактивті тақтаны қолдану //Информатика негіздері, 2008. - № 5.

Қабылданды 4.10.2010

УДК 811.512.122'1

С. Симбаева

ШҚМТУ, Өскемен қ.

НОҒАЙЛЫ ДӘУІРІ МҰРАЛАРЫ ЖАРИЯЛАНЫМДАРЫНЫҢ САЛЫСТЫРМАЛЫ ТІЛДІК СИПАТЫ

Ноғайлы дәуірінің туындылары бес-алты ғасыр бұрын дүниеге келгендіктен, түрлі белестерден өтті, өзгерді, өңделді. Сол себепті де, мәтіндерінде кездесетін образды сөз оралымдарының, жеке тілдік тұлғалардың мағынасын айқындау өзекті болып табылады. Кезінде белгілі болған мұралар қалпын сол күйінде сақтап қалу қиын. Оны жеткізушілер тарапынан өзгеріске түсуі де мүмкін.

Зерттеу барысында шығармалар мәтінінің жарияланымдарында ала-құлалықтың барлығы байқалды. XIV-XVI ғғ. дүниеге келген мұралар тек XIX-XX ғасырларда ғана хатқа түсе бастаған. Сол кезеңдегі жазба дәстүрдің араб не латын графикасымен жазылуынан бір сөз көркемдеуде өңделіп, қосылса, бірі түсіп қалады, не өзгертіледі. Мәтінтану мәселесі үшін жырлар мен толғауларды бұрмаламай, қосымша сөздер қосып көркемдемей берген абзал. Ол сол ғасырдағы қолданыста жүрген кірме сөздердің мөлшерін және әдеби мұра дүниеге келген кезеңнің тілдік үлгілерін танып білуге көмектеседі.

Жыраулар толғаулары мәтінінің тарихы зерттеліп, қолда бар нұсқаларының сипаттамасы беріліп, ғылыми түсініктер жазылғанымен, лингвистикалық талдаулардың нәтижелері көбінесе ескерусіз қалып келеді. Сол себепті де толғаулардың тұрақты (канонды) бір ізге түскен мәтінін зерттеу тоқтаған жоқ.

Қазтуған, Шалкиіз, Доспамбет толғауларының мәтіндері лексика-грамматикалық, көркемдік-композициялық құрылымы жағынан өз дәуірлеріне сай элементтерді көбірек сақтаған. Мысалы, Қазтуғаннан «Қара ұнымы сұлтандайын жүрісті» деген жолдарды кездестіреміз немесе оның «Салп-салпыншақ анау үш өзен» дегендегі салп-салпыншақ эпитеті қазір қолданылмайды. Шалкиізде кездесетін:

Тұсындағы болған нартың қорлама,

Сөз боларсың көлемге.

Сындырау арқа, сарт соқпақ,

Шемшірлігін ноқталап...

Құдаған өскен арулар.

Көміртіп не беркініс қолыңнан.

Күділенген балдан сарқыт жоқ, - деген жолдардағы «нартың», «көлемге», «сындырау», «шемірлігін» «көміртіп», «күділенген» деген сөздердің түсініксіздігі айтылмақ ойды көмескілеп тұр.

Қ. Өмірәлиев Ноғайлы циклі нұсқаларындағы мұндай элементтер Ноғай ордасынан келіп қосылған ру-тайпалар арқылы енген, оларды сол ру-тайпалардың ұрпақтары – Кіші жүз қазақтары көп өзгертпеген деп түйеді [1, 93 б.]. Зерттеуші бұл жерде осы сөздер көне

емес, түбі бір туыстас өзге түркі тілдік дегенге меңзейді.

Доспамбет жырауда сұлу қызды:

Маңдайы күнге тимеген,

Желке шашын өрмеген,

Серпіліп адам бетін көрмеген [1, 86 б.], -

деп сипаттайтын жолдары бар. Басқа басылымдарда «желке шашын өрмеген» деген тіркес бірде «желке шашын үрмеген» деп берілген.

Араб графикасының қиындығы сол, бұл сөздерді *желке-желге, өрмеген-үрмеген* деп те оқуға болады. Мұндағы дұрысы - шашты үрмеу емес, шашты өрмеу деген тіркес болса керек. Бірақ жырау айтқан «маңдайы күнге тимеген» аппақ арудың, «серпіліп адам бетін көрмеген» инабатты сұлудың желке шашын өрмей қоя беруі – көңілге қонымсыз. Демек,

Желге шашын өрмеген,

Серпіліп адам бетін көрмеген, –

деп «Алдаспанда» [60] дұрыс көрсетілген.

Сол сияқты Шалкиіз жыраудың толғауларынан :

Алтынды десе сары бал,

Алсам мен саған ұсынармын [1, 73 б.].

Алтынды кесе сары бел,

Алсам мен саған ұсынармын [2, 37 б.], -

деп түрліше жазылып жүр. М. Бекмұхамедовтың жинағында бұл жолдар:

Алтын кесе, сары бал, – деп жазылған. Қазіргі тілдің сипаты тұрғысынан қарағанда осы соңғы нұсқасы дұрыс болар. Шалкиіз жырауда мынандай да жолдар кездеседі:

Көн сандықтың ішінде,

Көбе бұзар жебе бар [1, 79 б.].

Осы жолдарды Арыстанғали Берқалыұғлы «Ақын» жинағында:

Көн садақтың ішінде, – деп берген. Көбе бұзар жебенің көн садақтың ішінде болуы мәтіндегі ойға тура келеді. Мұндағы садақ сөзі сауыт мағынасында жұмсалған, яғни көннен жасалған сауыт.

Толғаулар мәтінінде түрліше жазылып жүрген тіркестердің тағы бір себебі – бұл күнде ұмыт болған көне образдардың түсініксіздігінен туындап отырған мәтінтанымдық ала-құлалықтар.

Осы күнгі басылымдар *майқан* деген сөздің қазіргі мағынасы түсініксіз болғандықтан, оны бүгінгі күнге түсінікті мықын сөзімен алмастырып жазып жүр.

Арғымаққа оқ тиді,

Қыл мықынның түбінен (Доспамбет).

Доспамбет жыраудың ноғайлар арасындағы осы толғауында бұл тіркес былай берілген:

Арғымаққа оқ тийди,

Қыл майканның туынан [3, 90 б.].

Бұл жолдарды ақын Қадыр Мырза-Әли:

Арғымаққа оқ тиді,

Қыл құйрықтың түбінен, – деп аударады.

В. Радлов сөздігінде: маікап – зад лошади [31] деген ұғымды білдіретіндігі көрсетілген. Демек, «кыл майқан» деген тіркес XVI ғасырда қазіргі «кыл құйрық тұлпар»

деген мағынада қолданылған. Ал

Екі арыстап жау шапса,
Оқ қылқандай шансылса [2, 31 б.], -
деген тармақтар тағы бір басылымдарда:

Екі арыстан жау шапса,
Оқ қылқандай шансылса [1, 88 б.], -

боп өзгертілген. Дұрысы екі арыстан жау шабу емес, екі арыстап жау шабу болу керек. Себебі арыш (ккіR) – тоRт – арыш - чetype стороны света [4]. Яғни «екі тұстан, екі жактан жау шабу» деген ұғымды білдіреді.

Көнерген сөздерді түсініктірек тұлғаға айналдыруды мынадай мысалдардан да көруге болады.

Сіреу, сіреу қар
Асты кілік, үсті мұз
Күн-түн қатса да жібімес (Доспамбет).
Асты кілең, үсті мұз [2].
Асты кілем, үсті мұз (Ерт. әдеб.).

Осындағы түрліше жазылған тіркес Ғабдулла Мұштақтың «Шайыр» жинағында «үсті кілеңнің асты мұз» деп жазылған. Ал В. Радлов сөздігінде: кілең (kīan) – блестящий, лоспящийся (лед, плешь, лысина), (kīlarai) – гладкий дегенді білдіреді делінген [4]. Бұдан «қардың үсті жылтыр, асты мұз» деген мағынада айтылғанын көреміз. Ал осы Доспамбет жыраудың:

Кілең бұздай кілшейтіп,
Көбелер киген өкінбес [1], –

деген толғау жолдарындағы кілең бұздай дегені жалтыр мұздай деген тіркес болып келеді. Бұл ойымыздың растығы дәлелді болу үшін XIX ғасырдағы Махамбет ақынның өлең жолдарымен салыстыратын болсақ, онда да «жылтыр мұз қабыршағы» мағынасында кездеседі.

Тағы да осы Доспамбет жыраудың толғауындағы «еміне кіру» тіркесі кей басылымдарда «еңекке кірер күн қайда» [2, 33 б.] деп, түрліше жазылып жүр. Көне түркі тілінде «Амін – надежно, уверенно» [5, 75 б.] дегенді білдіреді. Сонда еміне кіру тіркесі Доспамбет жыраудың «Баяғыдай еңсесі биік ақ боз ордаға сеніммен кірер күн қайда?» деп айтқаны болмақ.

Шалкиіз жыраудың би Темірге айтқан:
Айдынды көлге қал шауып,
Тоғызын соғып ұшырған
Құс сұлтаны саһарсың! [2, 41 б.], -

деген тармақтарындағы *қал шауып* тіркесінің мағынасы түсінікті болмағандықтан, «Ертедегі әдебиет нұсқаларында» «қол жауып» түрінде басқан. Көне түркі тілінде *қал*, *қалы* сөздері «мықты», «жоғары» деген ұғымды білдіреді. В. Радлов сөздігінде: қал (qas) – крепкий [4, 219 б.] деп түсінік берілген. Осы тіркестің мағынасын әлі де айқындай түсуді қажет етеді. Доспамбет жыраудың:

Ерен үйін тіктіріп,
Омыраудағы он түймесін ағытып,
Кейінгі қалған көпекке

Қалай де белін шешті екен! [1, 86 б.], – деген тармақтарындағы *ерен үй* деген тіркесінің мағынасы бізге беймәлім.

М. Бекмұхамедов жинағында ерінің үйін деп жазылған. Осы сөз толғау мәтініне тура келетін сияқты.

Сол кездегі толғаулардың мәтінін қарастырғанымызда әдеби тілдегі образдар өз кезеңіндегі халықтың өмір-тіршілігімен ұштасып жатқандығы көрінеді. Ел қорғауды, жаугершілікті жырлауға керек образдар бұларда молынан орын алады. Жаугершілік мазмұнды тұтас шумақтар немесе жеке тіркестер мен сөздер – сол кездегі әдеби тілдің сипатты белгілерінің бірі. Ұрыс, соғыс, ел қорғау ұғымындағы лексиканың әдебиет дүниесінде басты орын алғандығы сондай, ол көркемдеу құралына айналып, образ жасайтын фразалар құрғанын кез келген толғау, жырлардың мәтінін оқи отырып көз жеткіземіз. Мысалы, *толғамалы ала балта, қанды көбе, атқан оғын оздыру немесе жоғалту, жау бастау, қол бастау, қатты тартып биік ату* т.б тіркестерді біз сөз етіп отырған кезең поэзиясы белсенді қолданған [6, 100 б.].

Бұл кездегі әдеби дүниелер мәтінінен айналадағы тірлік-тіршілікпен және ортамен байланыстылығын дәлелдейтін өзге де фактілерді кездестіруге болады. Мысалы, Шалкиіз, Қазтуған жырауларда өзен, теңізге қатысты теңеулер мен метафоралар жиі кездеседі: *Боз сазаны тоқтыдай, Балығы тайдай тулаған, Бақасы қойдай шулаған... Балығы көлге жылқы жаптырмас* (Қазтуған). *Ақдария толқын күшейтер Құйрығын күн шалмаған балығым Ортаңнан ойран салар деп* (Қазтуған). *Көк теңіздің үстінде Көтеріп желке аштырып* (Шалкиіз).

Ноғайлы-қазақ ортасында туған, авторлары, мүмкін, жоғарыда сөз болып отырған жыраулар болып табылатын кейбір батырлар жырындағы *«төрт шарбақты, төрт кентті»* деп келетін образ да, немесе *«Әділ сұлтан»* жырындағы Әділдің анасы Байбикеш ханымның толғауындағы: *«Бақ амалы, бақшалы, Баурында ағар шешмелі, Төбесінде жасыл ала шөлмекті, әрбір шаһардан өрнекті»* деген жолдары қала суретінен хабар береді.

Ал ибалықпен сөйлеп сөз, наздылықпенен көсілген; дүниеде жүзін көрмеген, біз секілді бейшара сыртыңнан жүріп шөлдеген (Едіге). *Тоқсан баулы ноғайды ақылымен билеген* (Орақ, Мамай) сияқты оралымдар халықтың тәлім-тәрбиеге байланысты түсініктерін көрсетеді.

Азгана ноғай сен деді, көп қалмақпын мен деді; Қырық таңбалы Қырымға, Он екі баулы Ұрымға; Қырымның байтақ ерлері; Ноғайлы деген ел еді, Етек жеңі кең еді (Қарасай, Қазі) сияқты жолдар оқиғаның өтіп жатқан орнынан мәлімет береді.

Әдеби туындылардың көбі XV-XVI ғғ. тілдік ерекшеліктерін көрсете алатынын айта кеткен жөн. Рас, онда кейбір кейінгі қоспалар, аздаған өзгерістер болуы да мүмкін. Бірақ ол авторлы поэзияның басты ерекшелігі емес. Сондықтан осы ғасырлардағы поэзияға тән тағы бір үлкен ерекшелік - ондағы айтылған ой қазақтың мақал-мәтелдерімен астасып, ішкі мағынасы жағынан да, сыртқы айтылу түрі, ұйқасы, салыстыру ерекшеліктері жағынан да үндесіп, қоғамдық құбылыс жайлы «тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні» беріледі.

Асанқайғының:

Таза мінсіз асыл тас

Су түбінде жатады.

Таза мінсіз асыл сөз
Ой түбінде жатады.
Су түбінде жатқан тас,
Жел толқытса, шығады.
Ой түбінде жатқан сөз,
Шер толқытса, шығады, – деуі нағыз нақыл сөз.

Немесе: «Қилы-қилы заман болмай ма, Суда жүрген ақ шортан қарағай басын шалмай ма?!» – түріндегі астарлы ой халық ұғымында күні бүгінге дейін «Қилы-қилы заман болар, қарағай басын шортан шалар», яғни мақал, нақыл түрінде айтылып, ойға сыймайтын, еске келмейтін өзгеріс заман да болар деген ұғым білдіреді. Қазтуғанның «Азамат ердің баласы жабыққанын білдірмес, Жамандар мазақ қылар деп», – дегенін оқығанда: «Бөрі арығын білдірмес, сыртқы жүнін қампитып», – деген мақал еске түседі.

Мұндай ой түйіндері, нақыл сөздер Шалкиіз жырау поэзиясынан тіпті көп кездеседі:

Бар күшінді сынамай, балуандармен күреспе...

Таң боларсың әлемге, сөз боларсың күлемге...

Ақылсыз достыдан ақылды дұспан артық-ты...

Қырға шықпас жаманның барынан да жоғы игі... т.б. көптеп кездестіруге болады.

Халық поэзиясын жақсы білген, оған өзі де үн қосқан Шалкиіз жырау кезі келгенде дайын мақалдарды тілдік материал ретінде пайдаланып отыр ма, әлде Шалкиіз аузынан сәтті шыққан сөз маржандары, өрелі ой кестесі нақыл болып, кейін халық мақалына айналып кетті ме? Бұл сияқты сұрақтарға нақты жауап бере қою оңай емес. Қайткен күнде де Шалкиіз жырау халық даналығын қастерлеп, ондағы мәнді ойды білдіретін дайын мақал-мәтелдерді қолданып қана қойған жоқ, кейінгі ұрпаққа мұра боп қалған көптеген нақылдардың да авторы оның өзі болған деген тұжырым айтуға болады [7, 116 б.]. Қалай болғанда да жыраулар толғауларының мәтінінен нақыл сөздер мен мақал-мәтелге бергісіз сөз орамдары көптеп кездеседі.

Ал сол дәуірдегі жырлардың мәтінін сөз ету үшін «Қырымның қырық батыры» деген атпен «Арыс» баспасынан жарық көрген ноғайлы жырларының ішінен «Едіге», «Орақ, Мамай», «Қарасай, Қазі», «Ақжонасұлы Ер Кеңес», «Көкшенің ұлы Ер Қосайды», қарастырдық.

Осы жырлар мәтінінде толғаулар мен «Алпамыс», «Қобыланды батыр», «Қамбар батыр», «Ер Тарғын» жырларында кездесе бермейтін *мұфти, қазы, би, ғұлама* сөздері орын алған. Мысалы: Ақжонасқа ой түсті, ой түсіп мұнайды. «Мен ертең қазы, ғұлама, билерімді жинайын, сосын мұның қалай екенін сұрайын», – деп ойлады:

– Қазы, мұфти, сіз деді,

Перзентсіз болдық біз деді,..(Ақжонасұлы Ер Кеңес)

Сонымен қатар төрт түлік малдың пірлерінің аттары аталып, бір перзентті солардан сұрайды:

– Түйе тілесен, сұлтаным,

Ойсыл қара пірі бар.

Одан барып тілеңіз,

Қой тілесен шопан бар,

Мұнан барып тілеңіз,

Басына барып түнеңіз.

Тілесен сиыр, сұлтаным,
Зеңгі баба пірлер бар,
Соған барып тілеңіз,
Басына барып түнеңіз.
Бас тілесен, сұлтаным,
Шаһимардан оған бар,
Алланың шері *Арыстан*,
Арыстан деп ат қойған
Соған барып түнеңіз,
Содан перзент тілеңіз,
Мырзалықты тілесен
Садуақас, оған бар,
Оған барып түнеңіз,
Одан мырзалық тілеңіз, – деді.

Ал алдыңғы жырларда перзент тілеп *жеті пірге, әулие, әнбиелерге* барады. Қарап тұрсақ, *Шаһимардан, Арыстан, Садуақас, төрт түлік мал піріне* табыну – ноғайлы дәуіріне тән халық дүниетанымынан елес береді және сол дәуірдегі сөз қолданысының ерекшелігіне жатады.

Жалпы салыстырылған еңбектер арқылы жырлар мен толғаулардың қазақ және ноғай халқында сақталғанын және өзара ұқсас екеніне көз жеткіздік. Ноғай Ордасында болып, кейін жеке ұлт ретінде отау тігіп кеткен, қазіргі қыпшақ тілдерінің тобына жатқызылып жүрген татар, қарақалпақ, құмық, башқұрт, қырғыз әдебиеттерінде оларды кездестірмедік.

М. Сеңгірбаев жырлайтын «Қырымның қырық батыры» жыр тізбектерінде кездесетін батырлар есімі мен Асанқайғы, Қазтуған, Доспамбет, Шалкиіз жыраулардың толғаулары ноғай халқының ауыз әдебиетінде де ұшырасады.

Мысалы,
*Асан Қайғылы, Қазтуған,
Орақ, Мамай, Дели Ағыс,
Сыбыра мен Бериздақ,
Шал-Кийиз бен Эл-Буга,
Калган дунья олардан
Эдил, Эдил, Эдил йер,
Қарагай бойлы Казтуған
Қайғыланып отькен ер...*
Немесе:
*Куълик баътир, Дели Ағыс,
Эр-Копланды, Муъсевке,
Эл Керейи эр Давыс,
Эр Доспамбет ат шабыс,
Камбар баътир,
Ер Тарғыл,
Манашы мен Сайын да,
Косьшие минен Косай да,*

*Қазтуған мен Шора да,
Ноғайдың деймін анавда*

Қырдан ойткен батырим (Айт десеңіз, айтайым, 9-10 бб.) деген жыр жолдарының ноғай нұсқасында қазақ эпосындағы батырлар мен жыраулар есімі аталады.

Ескерту: ноғай тілі графикасының ерекшелігін ескерсек: *аь-ә, об-е, е-йе, уь-ү, ий-й, з-з, к-қ, нь-ң* болып оқылады.

«Бес ғасыр жырлайды» жинағында берілген Шалкиіздің «Жапырағы жасыл жаутерек» толғауы «Түрік әдебиеттары антологиясында (Ноғай әдебиеті)» «Жапырағы жасыл ала байтерек» деп беріліп, қазақ нұсқасында кездеспейтін мына жолдар бар:

Шал-Киіз айтар екенде,
Жапырағы жасыл ала байтерек,
Жайқалмағы желдендүр,
Жасармағы көлдендүр,
Жапырағы береннің
Түсе қалса белдендүр.
Құлан менен киіктің
Жүрер жері майдандүр,
Арғымақтың ат болары тайдандүр.
Құндызлы кирпүв бөрік киіп,
Жағасы оқа тон киіп,
Байлардың мақтанмағы
Малдандүр
Жалаң қылыш байланып,
Атаның ұлы ер жігіттің
Арқа ауылдың бойында
Жау қашырмақ сойдандүр,
Ойнайық, дослар, күлейік,
Ажалымыз Алла білер қайдандүр.

Жалпы Шалкиіздің ноғайлар арасында сақталған «Мен көремен», «Не болды?», «Әдилем», «Карангыда турған едим тандыр деп», «Еменнен айыр шыққан бұтақпын» толғаулары мен Қазтуғанның «Идилим», Доспамбеттің «Қосайым» сияқты толғауларын қазақ нұсқасынан кездестірмедік.

Ғалымдарымыз айтып жүрген «ауызша баспаның заңды редакциясынан өтіп», еленіп-екшелген сөз орамдарынан өз уақытына тән нормаларды танытуда лингвистикалық талдау мен мәтінтанымдық ізденістердің орны ерекше.

Мәтінтанымдық талдауда тіл мамандарының міндеті көне мәтіндерде кездесетін, бұл күнде өзі ескірген немесе мағынасы өзгерген сөздердің, кірме элементтердің, фразалардың түп-төркінін, беретін ұғымын, жұмсалып орындарын ғылыми негізде зерттеп, дұрысын көрсету, ең жөн деген жазылуын ұсыну болмақ. Осы міндеттерді алға қоя отырып, ноғайлы-қыпшақ бірлестігі дәуірінде дүниеге келген әдеби туындылар мәтінін сөз етеміз. Халық жырының інжу-маржандары – эпостық жырлар мен жыраулар поэзиясы ғасырлар бойы ауызша таралып, басым көпшілігі негізінен ХІХ ғасырдың соңы мен ХХ ғасырдың бас кезінде жиналып, әрі араб әрпімен хатқа түскендіктен, қазіргі басылымдарда кейбір жеке сөздер мен сөз тіркестері, тіпті өлең шумақтары әр


басылымда әртүрлі беріліп, ала-құлалықтармен басылып жүр. Осылайша әр басылымда әртүрлі берілуі жекелеген сөздер мен ұғымдарды лексикологиялық, грамматикалық зерттеулерді қиындатады.

Сондай-ақ сөз етіп отырған дәуірде кейбір синоним сөздердің сараланып қолданылуының да өз әсері болды, мысалы, *жұрт, ел, алаш* т.б. сөздердің әрқайсысының өзіндік мәні, бояуы айқындала бастайды. Сонымен бірге кейбір сөздердің көне тұлғалары да жиі кездесіп отырады: *қол* мағынасында *ал*; *дала, жапан тұз* мағынасындағы *жазы*; *орау* мағынасындағы *құрсау*; сол сияқты *толғау, сақын (сақтау), абғыту, тебір, көмбідей ару жалар, нараду, үрмеу, қарындас, игі, қыршын* т.б. сөздер. Мұндағы сөз тұлғаларынан көне кезең ізі де байқалады. Қазіргі қимыл есімі (тұйық етістік) – у тұлғасының орнына бірде *-ар, -ер*, бірде *-мақ, -мек* тұлғалары жұмсалып отырады. *Жарақшылар жоқ па екен жарай білте саларға* (салуға, Доспамбет); *Жауға шаппақ (шабу) не керек* (Шалкиіз) т.б.

Әдебиеттер тізімі

1. Өмірәлиев Қ. ХҮ-ХІХ ғасырлардағы қазақ поэзиясының тілі. – Алматы: Ғылым, 1976. – 270 б.
2. Бес ғасыр жырлайды: 3 томдық / құраст. Қ. Өмірәлиев. – Алматы: Жазушы, 1989. – 1 т. – 384 б.
3. Ноғай халық йыры / бас ред. А. Ахматов. – Уфа: Наука, 1995. – 575 б.
4. Радлов В.В. Опыт Словаря тюркских наречий: В 6 т. – СПб., 1893. – Т.1. – 345 с.
5. Древнетюркский словарь. – Л.: Наука, 1969. – 676 с.
6. Сыздықова Р. Қазақ әдеби тілінің тарихы. – Алматы: Рауан, 1991. – 295 б.
7. Исаев С. Қазақ әдеби тілінің тарихы. – Алматы: Ана тілі, 1996. – 320 б.

Қабылданды 4.10.2010 ж





УДК 378.14

Т.П.Чернова

ВКГТУ, Усть-Каменогорск

**ПСИХОЛОГО-ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫЕ ТЕХНОЛОГИИ – НАПРАВЛЕНИЕ ИННОВАЦИОННОЙ
ОБРАЗОВАТЕЛЬНОЙ ПРОГРАММЫ**

Образование сегодня становится производительной отраслью единого хозяйства страны, т.е. в ней создается товар, обладающий определенной потребительской стоимостью и стоимостью, определяемой через конкуренцию в рамках рыночных отношений.

Следовательно, наивысшими качествами обладает тот образовательный товар, который наиболее конкурентоспособен. Любому государству нужна конкурентоспособная образовательная система.

Старая, традиционная система образования уже не в состоянии удовлетворить ни реальный сектор экономики, ни социальную сферу высокопрофессиональными кадрами специалистов. Особо остро этот вопрос стоит перед классическими университетами.

Создание инновационной среды в образовании позволит быстро и эффективно адаптировать образовательные программы, учебно-методическую и научно-исследовательскую работу к меняющимся условиям казахстанского и международного образовательного пространства, а также создание благоприятных условий для устойчивого развития инновационно-образовательной деятельности на выпускающих кафедрах университетов на основе:

- интеграции образования, науки и инновационной деятельности;
- международного сотрудничества;
- социального партнерства с предприятиями и организациями, научными институтами;
- применения перспективных технологий, активизирующих инновационно-образовательную деятельность.

В программе приоритетных задач социально-экономического развития любого государства роль современного образования включает в себя:

- создание условий для повышения конкурентоспособности личности;
- развитие инновационной сферы;
- изменение структуры экономики в пользу наукоемких отраслей;
- формирование трудовых ресурсов, способных воспроизводить и развивать материальный и интеллектуальный потенциал страны;
- обеспечение социальной и профессиональной мобильности;
- формирование кадровой элиты общества, основанной на свободном развитии личности.

Обращение к сфере психолого-образовательных технологий, обеспечивающих становление субъекта инновационной деятельности с выраженной готовностью к саморазвитию и самоорганизации, является стратегическим образовательным потенциалом и ресурсом эффективной реализации инновационной образовательной программы любого высшего учебного заведения.

Целью данного направления является построение гуманитарных технологий формирования профессионала и личности, учитывающих личностный аспект подготовки специалиста для инновационного сектора экономики.

При этом учитывается, что наиболее важным и значимым ресурсом общественного и экономического развития страны становится человеческий ресурс.

Современное образование представляется не просто сферой воспроизводства академического знания, передачи и усвоения «прошлого» опыта, оно приобретает статус производства, образования человеческого ресурса и капитала.

Необходимо не просто «готовить специалистов», но формировать человека, обладающего как профессиональной, так и личностной компетентностью.

Разработка и реализация таких образовательных программ и технологий, которые обуславливают «личное присутствие» человека в своем образовании, возможность его участия и влияния на свое образование, тем самым обеспечивая:

- формирование и формулирование своих образовательных установок, инициатив и их реализацию в образовательной, профессиональной, исследовательской деятельности;
- создание условий для образовательного выбора и определения человеком своего пути, индивидуальной образовательной траектории;
- подготовку к инновационной деятельности, к деятельности в ситуациях неопределенности, высокой конкуренции рыночных отношений;
- формирование компетенции к осуществлению изменений как к способу и процессу профессиональной и социальной жизни;
- формирование компетенции эффективного группового взаимодействия, эффективной коммуникации и совместной деятельности, необходимые для жизни человека в открытом пространстве;
- актуальный, интеллектуальный и психологический потенциал человека;
- формирование мотивации позитивного личностного развития и повышения его психологической компетентности.

Векторами проектных разработок в пространстве психолого-образовательных технологий являются:

1) технологии становления субъекта современного образования – образовательных групп и сообществ: учебную группу необходимо представить как особый субъект образования, когда качество обучения отдельного человека обуславливается его участием в решении групповых инициатив и задач (например, деловые игры по формированию в учебных группах образовательных установок и заказа на образование; составление самими студентами «образовательного стандарта»; тренинги по эффективному групповому взаимодействию и командообразованию; учебные дискуссии и обучение публичным выступлениям, дебатам, аргументации);

2) технологии управления собственным профессиональным и личностным развитием: в образовании знание должно производиться самим человеком как средство и условие обеспечения его жизнедеятельности (создание человеком представлений о смысле своего образования, формирование образа и представлений о себе и о профессии, становление личной позиции, мнений, оценок своей жизни, образовании и профессиональных выборах);

3) технологии формирования компетентностей (социально-личностных, коммуникативных): компетентности как сложные личностные образования, включающие и интеллектуальные, и эмоциональные, и нравственные составляющие. Если понимать компетенции как знание в действии, то можно выделить несколько их уровней, необходимых для любой профессиональной деятельности: ключевые, обобщенные предметные, прикладные предметные, жизненные и т.п.

Однако существует ряд «сквозных», не зависящих от типа профессии компетенций:

- *социальная компетентность* (способность к более быстрому и тонкому пониманию других людей и социальных групп, способность изменять поведение в зависимости от требований социальной ситуации и новых задач);

- *компетентность в эмоциональной сфере* (как способность осознавать эмоции и порождающие их причины – т.е. эффективно связывать эмоции и объяснение, что позволяет повысить качество принимаемых человеком решений и более эффективно управлять своим эмоциональным состоянием);

- *коммуникативная компетентность* (гибкость в общении, широкий репертуар стратегий, учет интересов партнера, адекватное использование приемов, техники общения, соответствующих конкретному моменту) и др.;

4) технологии и программы гуманитарного сопровождения образования включают в себя:

- *образовательное сопровождение* заключается в проявлении образовательных ожиданий, представлений студентов, построении с ними модели образовательного стандарта, определении образовательных дефицитов и проектировании форм их участия в своем образовании;

- *исследовательское сопровождение* заключается в организации исследования современного управления в рамках написания студентами курсовых работ, проектов и дипломных работ: совместное построение проблемно-тематического поля современного управления, выбор своей темы исследования и тематического реферирования; исследование и обоснование эффективности посреднической позиции управленца в ситуациях неопределенности, овладение функциями организации ситуаций понимания, функциями

анализа, проектирования, экспертизы; исследовательское обеспечение постановки и решения проблем управления в организации, проведение системного анализа управления, проведение исследовательских интервью, экспертных опросов для постановки проблем развития организации и масштабирования проблем управления;

- *психолого-образовательное сопровождение*, как особая культура социализации индивидуальности, выявление и оценка параметров образовательной среды, оказывающих непосредственное воздействие на процессы становления человека, собственно человеческого в нем.

Психолого-образовательное сопровождение – это постоянный мониторинг состояния этих параметров. Экспертиза образовательной среды и мониторинг за ее состоянием являются собой важные актуальные направления в психолого-образовательных исследованиях.

В учебных заведениях Российской Федерации уже имеется опыт успешно реализуемых проектов, в том числе «Разработка модели психолого-образовательного сопровождения актуализации социально-личностных компетенций интеллектуально одаренной молодежи в процессе вхождения в инновационную деятельность в реальном секторе экономики и бизнеса на базе ресурсных центров (бизнес-инкубаторов), функционирующих при университетах России, с применением современных информационных технологий (в рамках Федеральной целевой программы развития образования на 2006-2010 гг.)»

Данный проект направлен на формирование и внедрение необходимых механизмов системной организации работы с интеллектуально одаренной молодежью – победителями программы «УМНИК» – Участник молодежного научно-инновационного конкурса» (организатор: Фонд содействия развитию малых форм предприятий в научно-технической сфере).

Благодаря проекту выявляются:

- социально-личностные компетенции, содержащие социальную и личностную компоненты;
- методические критерии и методики, их определяющие;
- разрабатывается система психолого-образовательного сопровождения вхождения в инновационную деятельность интеллектуально одаренной молодежи.

Результатом проделанной работы является не только повышение эффективности вхождения талантливой молодежи в инновационную деятельность (в том числе появление большего количества предпринимателей в научно-технической сфере), но и создание системных механизмов выявления и актуализации инновационного потенциала молодежной среды.

Проектные разработки, созданные в рамках направления, могут реализоваться:

- а) в общеобразовательных учреждениях как:
 - программы инновационного развития образовательных учреждений;
 - новые профессиональные институты (школа гуманитарного исследования, центр инновационного образования);
 - методики гуманитарной экспертизы инновационных образовательных программ;
- б) в учреждениях начального и среднего профессионального образования как:
 - создание и апробация комплексной модели набора претендентов для обучения и по-

следующей работы по заданным рабочим профессиям;

- создание и апробация модели психологической службы для учреждений начального и среднего профессионального образования;

- создание системы научно-методического и исследовательского обеспечения программ психолого-образовательного сопровождения процесса формирования социально-личностных компетенций учащихся в сфере среднего профессионального образования;

- в) в высших учебных заведениях как:

- разработка и реализация межфакультетских программ подготовки специалистов к построению инновационной образовательной деятельности;

- появление новых форм образовательной деятельности (проектных, диалоговых, дистанционных, сетевых);

- создание центра диагностики и оценки личностного потенциала субъектов инновационного образования;

- разработка и внедрение модели психолого-образовательного сопровождения процесса индивидуализации в вузе;

- создание и апробация модели управления разработкой и реализацией психолого-образовательных технологий в вузе;

- реализация системы активных методов обучения, направленных на овладение преподавателями вузов здоровьесберегающими технологиями;

- создание молодежного агентства социально-профессиональной поддержки молодой семьи;

- создание молодежных волонтерских сообществ;

- г) в ресурсных центрах (бизнес-инкубаторах), созданных на базе университетов любого государства, с целью создания условий для вхождения интеллектуально одаренной молодежи в инновационную деятельность как:

- пакеты диагностических программ, направленных на исследование социально-личностных компетенций и предпринимательского потенциала высокоинтеллектуальной молодежи;

- создание системы тренингового и рефлексивного сопровождения участников инновационных проектов, направленной на актуализацию социально-личностных компетенций;

- экспертиза и апробация модели психолого-образовательного сопровождения актуализации социально-личностных компетенций интеллектуально одаренной студенческой молодежи, победителей Программы «Участник молодежного научно-инновационного конкурса», в инновационной деятельности в реальном секторе экономики и бизнеса;

- д) в системе повышения квалификации – создание и реализация серии обновляемых программ повышения квалификации для преподавателей высшей школы:

- «Психолого-дидактические компетенции преподавателя высшей школы в условиях модернизации высшего образования»;

- «Менеджмент высшей школы»;

- «Инновационные образовательные технологии»;

- «Профессиональная ментальность современного преподавателя психологии в вузе»;

- «Разработка проекта инновационной образовательной программы в современном университете»;
- «Кураторское сопровождение образовательных программ в вузе»;
- образовательный консалтинг в процессе развития психолого-дидактических компетенций современного преподавателя в вузе;
- создание Института супервизии и гуманитарной экспертизы;
- реализация инновационной программы дополнительного образования «Преподаватель высшей школы»;
- разработка и реализация программ повышения квалификации для специалистов различных сфер социальных практик: «Основы медико-психологического обеспечения на автомобильном транспорте», «Психологическая культура в современном мире», «Методология инновационно-ориентированного исследования».

Изучение опыта и результатов реализации данных проектов в вузах других стран, в том числе России, могут оказаться неоценимым материалом для внедрения в любое учебное заведение.

Непосредственное внедрение инновационных образовательных программ окажет значительное влияние на трансформацию вуза, как системообразующий фактор инновационного развития региона, что в свою очередь внесет значительный вклад в строительство государственной инновационной системы.

Система высшего профессионального образования Казахстана в результате реализации инновационной образовательной программы в университете классического типа получит опыт модернизации системы высшего профессионального образования, проведения инновационно-ориентированных научных исследований, проведения изысканий в новых и малоисследованных областях.

Получено 14.07.2010

